

Ақдала ауылдық округіне қарасты Ақдала, Тақыркөл, Ақын-Жақып, Тоғайлы ауылдарының шегін өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2008 жылғы 26 қыркүйектегі N 13/83-IV шешімі және Арыс қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 26 қыркүйектегі N 524 қауылысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 21 қазанда N 14-2-62 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Жер кодексінің" 108 бабының 5 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына сәйкес Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШТІ** және Арыс қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Ақдала ауылдық округіне қарасты Ақдала, Тақыркөл, Ақын-Жақып, Тоғайлы ауылдармен шектесіп жатқан жайылымдық жерлерден Ақдала ауылына 100 га, Тақыркөл ауылына 100 га, Ақын-Жақып ауылына 30 га, Тоғайлы ауылына 150 га жер телімі қосылып, ауылдардың шегі өзгертілсін.

2. Осы шешім және қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т

сессия төрағасы:

С. Ахметов

Арыс қаласы әкімі

Ш. Сатымбеков

Қалалық мәслихат хатшысы:

Р. Керімқұлов